«Ақжайық ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение «Акжаикский районный отдел архитектуры, градостроительства и строительства»

090100, БҚО, Ақжайық ауданы,
Чапаев ауылы, Қонаев к-сі, 70
Тел: /факс: 8 7113 69 23 03

090100, ЗКО, Акжаикский район,
с. Чапаево, ул. Қонаева, 70
Тел/ факс: 8 7113 69 23 03
E-mail: akzhaikstroy@mail.ru

Бұйрық

19.02.2019 ж. № 10 – НҚ

Приказ

Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізу, конкурс құжаттарын бекіту және конкурстық комиссия мүшесін ұсыну туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының 26 тармағын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігінің «Мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 20 қаңтардағы №11 қаулысына, сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **«БҚО Ақжайық ауданы Чапаев ауылы Әбілқайырхан хан көшесінің жарықтандыру құрылысы»** жұмыстарына мемлекеттік сатып алу бойынша электрондық конкурс өткізілсін және конкурс әдісімен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып «БҚО мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-сі айқындалсын.

2. «**БҚО Ақжайық ауданы Чапаев ауылы Әбілқайырхан хан көшесінің жарықтандыру құрылысы»** жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсының шарт жобалары осы бұйрықтың қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

3. «**БҚО Ақжайық ауданы Чапаев ауылы Әбілқайырхан хан көшесінің жарықтандыру құрылысы**», жұмысын мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы ҚҚС есебінсіз 16 038 230 теңге белгіленсін.

4. «Ақжайық ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі басшысы Джумагазиев Ромен Алибекович және «Ақжайық ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сінің бас маманы Кеңесқызы Венера аталған мемлекеттік сатып алу электронды конкурсының комиссия құрамына енгізу ұсынылсын.

5. Конкурстың дайындығына, өткізілуіне және құжаттар мен материалдардың рәсімделуіне жауапкершілік «Ақжайық ауданының сәулет, қала құрлысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі бас маманы Кенесқызы Венераға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы **Р.Джумагазиев**